



Бірмағанбетов Төлеубай

1922 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Амантоғай ауылында туған. 1942 жылы ақпан айында Торғай АӘК-нан әскерге шақырылып, Свердловскіде 3 ай әскери жаттығудан өтіп, Украинаның Киев қаласын қорғауға аттанған. Соғыста 143- атқыштар дивизиясының 113-атқыштар полкі құрамында қатардағы жауынгер болған. 1943 жыл қазан айында Смоленск облысының Грынъ селосы үшін болған ұрыста жараланып, госпитальде емделген. 1944 жылы қайтадан қолынан ауыр жараланып, Оренбург қаласындағы госпитальде емделіп, елге оралған. Елге келген соң есепші, совхозда бөлімше меңгерушісі болған. 1953-1958 жылдары аудандық маслихат депутаты болған. Мерекелік 4 медальмен марапатталған.

Зарина ДУКІРБАЙ,
Астана қаласы.

